

Наурыз айы

Өтпелі тақырып: «Салттар мен фольклор»

Мақсаты: Қазақстан Республикасында тұратын өзге ұлт адамдарына, олардың мәдениетіне, салт-дәстүрлеріне мейірімді және сыйластық қатынасқа тәрбиелеуге бағытталған.

1-апта «Қазақстан халқының салттары мен дәстүрлері»

<p>Денсаулық Дене шынықтыру</p>	<p>Коммуникация Сөйлеуді дамыту Көркем әдебиет</p>	<p>Таным Қарапайым математикалық ұғымдардык алыптастыру Жаратылыстану Құрастыру</p>	<p>Шығармашылық Сурет салу Музыка</p>
<p>Дене шынықтыру 1. Өз бетінше сапка тұру және тізені жоғары көтеріп жүру. Бийіктігі 5-10 см заттан жерге секіру. Тұра нысанаға он колмен дақтыру.</p>	<p>Сөйлеуді дамыту Бесік жырдың тыңдау, сөздердегі дауыссыз дыбыстарды анық айтуға, тыңдалған бесік жырдың қайталап айтуға үйрету.</p>	<p>Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру Бір топтың заттарын екінші топтың заттарымен беттестіру және тұстастыру арқылы саны және көлемі жағынан тең және тең емес заттарды салыстыруды үйрету.</p>	<p>Сурет салу Ылғис аяқ салатын кебеженің дайын пішінін ою элементтерімен безендіруге үйрету.</p>
<p>2. Өз бетінше сапка тұру және тізені жоғары көтеріп жүру. Тұра нысанаға он колмен дақтыру. Доганын астымен өрмелеу.</p>	<p>Көркем әдебиет Қазақтың қонақжайлылық дәстүрімен таныстыру. Жұмбақ шешкізу, жанылпаштарды жатқа айтызу.</p>	<p>Құрастыру «Үй» Бөлшектерді орналастыру әдісі арқылы түрлі түсті және әртүрлі көлемдегі материалдардан үйдің құрылысын салуға үйрету.</p>	<p>Музыка Музыканың сипатын анықтауға және көңілді және баяу музыканы эмоциямен қабылдауға, бірқалыпты қарқынмен жеңіл ән айтуға, музыканың көңілді би сипатын қимылмен беруге үйрету.</p>
<p>3. Өз бетінше сапка тұру және тізені жоғары көтеріп жүру. Доганын астымен өрмелеу. Тактай бойымен тепе-теңдік сақтап жүру.</p>		<p>Жаратылыстану Бөлме өсімдіктері туралы білімдерін кеңейту, оларды тануға, ағай білуге және ажыратуға үйрету (фикус, казтамақ, бегония)</p>	<p>Музыка Түрлі қарқындағы музыканы тыңдап ажыратуды, әнді сөздерін анық, бір қарқынмен айтуға, шенбер бойымен қоғалуға үйрету</p>